

Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 387 "2025-2027 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 532 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 387 "2025-2027 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025-2027 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1-қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 67125,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 6382,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 116,7 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 60626,4 мың теңге;

2) шығындар – 67539,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -414,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 414,2 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 414,2 мың теңге."

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2025 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 60563,4 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферт сомасын бөлу Шалқар ауылдық округ әкімі шешімі

негізінде айқындалады.";
көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.
Шалқар аудандық
мәслихатының төрағасы

Ж. Шамбалаев

Шалқар аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 532 шешіміне қосымша
Шалқар аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 387 шешіміне 1 қосымша

2025 жылға арналған Шалқар ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	67125,1
1			Салықтық түсімдер	6382,0
	01		Табыс салығы	2029,3
		2	Жеке табыс салығы	2029,3
	04		Меншікке салынатын салықтар	3574,2
		1	Мүлікке салынатын салықтар	29,0
		3	Жер салығы	88,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2898,3
		5	Бірыңғай жер салығы	558,9
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	778,5
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	778,5
2			Салықтық емес түсімдер	116,7
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	104,6
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	104,6
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	12,1
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	12,1
4			Трансферттердің түсімдері	60626,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	60626,4

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	60626,4
II. Шығындар				67539,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	54200,7
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	54200,7
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	54200,7
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	53863,7
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	337,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	13337,7
	3		Елді-мекендерді көркейту	13337,7
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13337,7
			008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2857,0

			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1316,7
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9164,0
15				Трансферттер	0,9
	1			Трансферттер	0,9
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,9
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,9
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-414,2
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(414,2
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	414,2
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	414,2
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	414,2